

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті  
Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы бағыттары бойынша  
академиялық комитет мәжілісінің

№ 6 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

18.03.2024 ж.

**Қатысқандар:** АК төрағасы – Халилаева Э.Ж., аға оқытушы, АК мүшелері – п.ғ.к., доцент Джаздықбаева М.Б., п.ғ.к., доцент Жумадуллаева А.А., п.ғ.к., докент Кайбульдаева Г.А., PhD, аға оқытушы Мейрбекова Г.П., жұмыс беруші өкілі «Алия» бөбекжай-балабақша менгерушісі Есетова С.М., білімгерлер: 6B01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу БББ білімгері Жарылхасын Д.Д., 7M01202 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу БББ магистранты Мирзаева С.А. және 6B01202- Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу ББ-ның 4 курс білімгерлері.

Қатыспагандар:-

**Күн тәртібінде**

- ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданыска ендірілуін қамтамасыз ету.
- Жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастыру.
- Наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

**Тындалды:**

**АК төрағасы Э.Ж.Халилаева сөз алды:** Саламатсыздар ма, АК мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданыска ендірілуін қамтамасыз ету. Жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастыру мәселесі және наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырайық. Өз ойларынды ортага салып талқылайық.

**АК мүшесі А.А.Жумадуллаева:**

ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданыска ендірілуін қамтамасыз ету бойынша тоқталсам, қолданыстағы ББ кайта қаралып, сарапталды. Университет Академиялық департамент тараپынан келген Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша ұсыныстары ескерілді. Сараптамалық тұжырымдамалар мен сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, аталаған ББ-лардың жақсы көрсеткішке ие болғанын атап өтуге болады. Қолданыстағы ББ мазмұны халықаралық талаптарға сәйкес жасалған.

Сонымен қатар, биылғы оку жылында министерствоның «Педагогикалық білім беру әлеуетін күштейту» жобасында дайындалған БББ, жетекші университет А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өнірлік университеті, қатысушы университеттер: М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Павлодар педагогикалық университеті, Ш.Ұәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Дулати атындағы Тараз университеті ұсынған инновациялық Білім беру бағдарламасы аясында 6B01202-Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасы жасалынды. ББ тізілімдемесіне ұсынылды.

**АК мүшесі Г.А.Кайбульдаева:**

Күн тәртібіндегі екінші мәселеге назар аударсак, бүгінгі күні жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастыру барысында жұмыс беруші өкілі «Алия» бөбекжай-балабақша менгерушісі Есетова С.М., білімгерлер 7M01202- Мектепке дейінгі оқыту және

тәрбиелу ББ-ның магистранты Мирзаева С.А. және 6B01202- Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелу ББ-ның 4 курс білімгерлері қатысты.

Дөңгелек үстел барысында бәсекеге қабілетті жоғары білімі бар мамандарды даярлау, оларды одан әрі жұмысқа орналастыру, білім сапасын арттыру және түлектердің кәсіби құзіреттіліктерін дамыту, сонымен қатар университет пен жұмыс берушілер арасындағы серіктестікті одан әрі нығайту мәселелері кеңінен талқыланды. Жас мамандарды колдауда дуальды білім беру форматының элементтерін және әлеуметтік саясатты енгізуің тиімділігі мәселелері қарастырылды. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және оңтайландыру, оның нәтижелерін және болашақ мамандардың құзыреттілігін анықтау бойынша бірлескен жұмыстарды жүргізу. Жұмыс берушілердің элективті пәндер каталогын қалыптастыруға қатысуын қамтамасыз ету мәселелері қамтылды.

Жұмыс берушілермен бірлесе отырып, оқытудың барлық деңгейлерінде тәжірибеге бағытталған оқытудың кеңейту мақсатында дуальды оқыту жүйесін әзірлеу. Практикаға бағытталған оқыту принциптерін ескере отырып, студенттердің өндірістегі тәжірибесін үйімдастырудың формалары мен мазмұнын жетілдіру. Белгілі бір арнайы пәндер бойынша сабактар өткізуге, сондай-ақ оку-әдістемелік материалдарды бірлесіп дайындауға өндірістен тәжірибелі практиктерді тарту бойынша жұмысты кеңейту мәселелері қамтылды.

Кездесу барысында білім сапасын арттыру және түлектердің кәсіби құзіреттерін дамыту мәселелері сөз болды. Жұмыс берушілермен бірлесе отырып, оқытудың барлық деңгейлеріне тәжірибеге бағытталған оқытудың кең көлемде кеңейту және дуалды оқыту жүйесі талқыла альынды.

**АК төрағасы Э.Ж.Халилаева:** Құрметті АК мүшелері және жұмыс берушілер өкілдері бүтінгі мәжілісімізде талқылынған жұмыстар өте көп болды, пікірлерін ортаға салған АК мүшелеріне және жұмыс берушілер өкілдеріне рақмет айта отырып, мәжілістің шешімін қабылдайық. АК мүшелері бір ауыздан қолдау білдірді.

#### Шешім:

1. ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз етілген.
2. «Педагогикалық білім беру әлеуетін күшету» жобасы аясында дайындалған жаңа инновациялық білім беру бағдарламасы әзірленіп, ББ тізілімдемесінде тіркелсін.
3. Жұмыс берушілермен кездесу есепке алынсын.
3. Наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау нәтижесі қабылдансын.

АК төрағасы:

Э.Ж.Халилаева

Хатшысы:

С.А.Мирзаева